

Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу мен келісу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 маусымдағы № 630 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу мен келісу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Ведомствоаралық комиссия) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 6 маусымдағы

№ 6 3 0 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу мен келісу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.05.2013 № 511 қаулысымен.

С а ғ ы н т а е в
Бақытжан Әбдірұлы

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары
- Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, төраға

Н о к и н
Серік Кеңесұлы

- Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі, төраға орынбасары

Д е м б а й
Салауат Маханбетұлы

- Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Сәулет, құрылысы және құрылыс департаментінің директоры, хатшы

А қ п о м б а е в
Иманжүсіп Латкенұлы

- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары

Е г е м б е р д і
Ерғали Қуандықұлы

- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Н ы с а н б а е в Ерлан Нұралыұлы	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Ж а қ с а л и е в Бақытжан Мұхамбетқалиұлы	- Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технология вице-министрі
Қ а с ы м б е к Жеңіс Махмұдұлы	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жауапты хатшысы
Қ ұ с а й ы н о в Марат Әпсеметұлы	- Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспар вице-министрі
Қ ы р ы қ б а е в Арман Оразбайұлы	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі
С м а й ы л о в Жанболат Амангелдіұлы	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Т о л ы б а е в Марат Еркінұлы	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Т о л ы м б а е в Берік Зиябекұлы	- Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі
Т ө к е ж а н о в Болат Тұрғанұлы	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Т ұ р ғ ы м б а е в Ерлан Заманбекұлы	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
А ш у е в Айдын Жұмабекұлы	- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының орынбасары
О м а р о в Мұрат Ескелдіұлы	- Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 6 маусымдағы

№ 630 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу мен келісу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу мен келісу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын (бұдан әрі - Бас схема) әзірлеу мен келісу

бойынша ұсыныстар дайындау болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары

4. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

- 1) Бас схеманы әзірлеу мен келісу үдерісін үйлестіру;
- 2) Бас схеманы әзірлеу саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсынымдар дайындау;
- 3) Бас схеманы әзірлеу мен келісу мәселелері бойынша өз құзыреті шегінде ұсынымдық сипаттағы шешімдер қабылдау;
- 4) Бас схеманы әзірлеуге бағытталған құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық және ғылыми-техникалық сипаттағы шараларды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар енгізу болып табылады.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

5. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Комиссияның жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.05.2013 № 511 қаулысымен.

6. Комиссия қызметіне басшылықты Төраға жүзеге асырады. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Төрағаның орынбасары орындайды.

7. Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдар дайындауды және хаттаманы ресімдеуді Комиссия отырыстары өткізілгеннен кейін Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

Хатшы Комиссияның мүшесі болып табылмайды.

8. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда Төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады. Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның есеп-хатына қоса берілуге тиіс.

Комиссия отырыстарын жүргізудің нәтижелері бойынша оның барлық мүшелері міндетті түрде қол қоятын хаттама жасалады.

4. Комиссияның қызметін тоқтату

9. Комиссияның қызметін тоқтатуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негіз болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК